

ЕСКЕ АЛУ

Ерғали туралы естеліктер

2013 жылдың сәуір айының басынан бастап, жұмыс жолымдағы қызметтік кезеңімнің тағы бір көрінісі – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры болумен жалғасты. Жұмыс тәжірибем мен елеулі еңбегімді ары қарай жалғастырып, тағы да шындау жолында қызметімді бастаған сәт.

Өрине біз үшін де, қайсыбір ұстаз болмасын маңызды, басты қозғаушы күшіміз де, сенетін себепкеріміз де – студенттер. Олардың оқулары, тәртіптері мен жүйелі жұмыстары, жеткен жетістіктері мен жеңістері мен үшін бірінші орында тұратын және солай болып та келеді. Дәл осы сөзімнің көрінісі ретінде жетістікке жеткен студенттерді жұмыс барысында марапаттап, өз алғысымды білдіріп жаттым. Жанарлары қуаныш сәулесімен жайнап, жайдарлы жүздерін байқап, оқуда озат, белсенділікте биіктер тілеймін деп ақ жүрегімді ақтарып, ол студенттер де өз лебіздерін шынайы сөздер арқылы жеткізіп жатты. Кенет, республика бойынша «Ең үздік жыл журналісі» аталымының иегері мінезі нық, жүзі жылы, ұзын бойлы бір жігіт сөз алды, сөйлеп жатты. Өр сөзіне төрең мағына беріп, еркін жеткізген жылы сөздері жүрегімді бірден елжіретті. Тіпті жақын туысымдай жылы тарттым. Өрбір адамның қандай болары бірінші сөзіне, екінші мінезіне, үшінші тәрбиесіне байланысты дейді ғой. Бұл қасиеттерді қазақтың осы бір жігітінен байқағандай болдым. Іс-шара аяғына жеткен соң, ойымда тұрған жаңағы жігіттің жанына келіп, пікір алмастық.

– Аты-жөнің кім?

– Қапалов Ерғали.

– Мамандығың қандай?

– Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студентімін.

– Жарайсың! Бүгінгі жеткен жеңісің құтты болсын. Мұндай бәйгелерді екінің бірі ала алмайтынын білесің ғой.

– Ия. Рақмет сізге! Қолымыздан келгенше осы оқу ордамызды танытып, ұстаздарымыз бен қолдаушы басшылардың берген зор мүмкіндігі ғой.

– Сен секілді мамандар біз үшін де, қоғам үшін де қажет қой. Мүмкін бізде қалып жұмыс істеп, жастардың мәселелерін шешіп, өз үлесіңді қосарсың? Студент болсаң да, сені жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы қылып жұмысқа қабылдасақ қалай қарайсың?

– Дария Пернешқызы! Сізге үлкен рақмет! Мұндай маңызды мәселені шынымды айтсам күтпедім. Бірақ мен «Студенттер үйінде» жатып, оқып жүрген Шымкент қаласынан келген жастардың бірі едім.

– Ол жағынан алаң болма, сол жатқанада жатып жұмыс істеп, оқуыңды оқи бересің. Қайта жастардың ортасында болып, жалының мен күш-қайратың арта түседі. Ал енді сәттілік тілеймін!

Міне, менің Ерғалимен естеліктерімнің басы осылай басталды. Уақыт өте келе талай іс-шаралардың басы-қасында болып, ұйымдастырып, жастардың басын бір арнаға тоғыстырып, талай жетістіктерге жетіп, жеңіс тұғырларынан өзі де және өзі тәрбиелеген жастар да көрініп, ұжымға өз сыйластығымен, ізеттілігімен, тәрбиесімен бірден табысып, ұстаздарының алдында білімді, озат студент болып



үлгерді. Қайсыбір жағдай болмасын, еңбекқорлығымен, ұшқыр ойларымен, көздеген көкжиегінің алыста екенін аңғартып, бәріміздің жүрегімізден тез орын тапты. «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, осы бір оңтайлы ойлары мен нәтижелерін ескере отырып, сол оқу жылында өзімнің әр түрлі мәселелер жөніндегі көмекшім болуға бұйрық шығардым. Бұл кездері Ерғали үшін екі есе жауапкершіліктер артылды. Талай тапсырмалар мен қаншама жауапты жұмыстар жүктелді. Мойымады. Қажымады. Қиындықтарға бойын тік ұстап, қарсы тұратын қасиеттерінің арқасында тағы да өзін дәлелдей білді. Сенімді серіктесіме айналды. Тіпті әр түрлі жиындар мен іс-шараларда, кездесулер мен конференцияларда, іс-сапарларда ізімде жүріп, қасымнан қалған емес. Болып жатқан кездесулерден кейін мән-жайдың барлығын жете түсініп, өз ойлары мен пікірлерін білдіріп, тиімді тетіктерін айтып, жүйелі жоспарларын да жатқанада жатқандықтан сыйға тартқан ноутбугіне жазып жүретін.

Менімен ғана емес, барлық басшылық құрамның құшағында баласы болып, еркелеп, бір нанды бөліп жеп, жұмыстарды бірге жасап, әрқайсысы үшін бір төбе болған төредей баламның талабы таудай еді... «Жігітке жеті өнер де аз» дегеннің дәлелі – Ерғали еді... Көмекшім бола жүріп, университеттің ұйымдастыру жұмыстарына уақыт тауып, қатысып жүретін. Мереке шаралардың жүргізушісі болып, шығармашылығының да шыршауына уақытын бөліп, қаталдығымның жұмсақ жерін тауып, еш мәселе туғызбай-ақ, ыңғайын келістіріп, қатысатын.

2018 жылы жұмыс жолымның тағы бір арнасы – Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры болумен жалғасты. Қызметтік кезеңімнің тағы да жаңа көріністері жаңа парақтан басталды. Бірақ бұл кезде өз баламдай болып, отбасымның бір мүшесіне айналған Ерғалиім барда не хәм бар еді... Мен Ерғалидің осы қалаға келгенге дейін Арыс қаласының тумасы екенін білмеппін. Бұлай айтуымның себебі – жұмысына ғана емес, өз туған өлкесінің де сыйлы, патриот азаматы екеніне ел біліп, жұрт танытынына да көзім жетті.

– «Дария Пернешқызы, сіз Жамбыл облыстық мәслихат депутаты болып бірталай халықтың мәселесін шешіп, өз үлесіңізді молынан қостыңыз. Енді Арыс қаласының немесе осы облыстың депутаты болып, бұл жақтағы да мәселелерді шешіп, халықтың ықыла-

сына бөленіңіз», – деп өзілдеп, өңгіме арасында осындай ізгі тілектері мен өз ауылының жанашыры ретінде де есімде қалды. Жамбыл облыстық мәслихат депутаты болып жүрген кезімде де сан түрлі халықтың ортасынан табылып, әр түрлі мәселелерін шешіп, сұрақтарына жауап беріп жатсам, жанымда тұрып, ел-жұртқа өзінің ақыл-кеңестерін айтып, тіл табысып, татуласып, ойнап-күліп, демеу болып жүруші еді ғой.

Екі оқу орнында да Ерғалидің тарапынан да, тұрымтай тұсынан да ешқандай артық ой, қарсы қалыптасқан пікірлер болған емес, естіген де емеспін. Өріптестерім болсын, ұстаздар тіпті замандас студенттер болсын барлығының жүрегіңде Ерғали мәңгілікке орын алары сөзсіз!

Сол бір Алғыс айту күнінде барлық ел-жұрттың жеке парақшаларына жазып, өзінің әлеуметтік желідегі әлеміне де әсерлі сөздер айтып, барлығымызға өз алғысын айтып кетті. Ал біз, алғыс емес көңіл айттық. Мен үшін ең ауыр қаза осы болды. Сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Алла әрдайым алдынан жарылқап, тек дұғада болу ғана қолымыздан келері хақ. Оның бейнесі, жылы жүзі, сыңғыр күлкесі еркез көз алдымда. Таңертең жұмыс кабинетіме кіріп келгенде: «Қайырлы таң, Дария Пернешқызы! Бүгінгі күніңізге сәттілік!», – деп қанаттандыратын жылы сөздерімен алдымнан шығып қалардай бос үстеліне үнсіздікпен қарап қаламын! «Сіз менің – екінші анамсыз ғой», – деген дауысы құламда қалғандай. Амал қанша... Ерғалидің әр күні, әрбір жұмысы, сөздері, жасаған жақсылығы, қамқорлығы, бөрі-бөрі параққа да, кітапқа сыймайтын шығар. Аз ғана ғұмырында елеулі еңбегі мен ел алдындағы ер мінезімен есте қалған Ерғалиім мен үшін үлкен тарих болып, жүрек тақтамда мәңгі өшпестей орын алады. Бақилық болған баламның жаны жәннатта болғай! Қош!

Сен туралы өткен шақта айтудың өзі мен үшін қаншалықты қиын екендігі бір Аллаға мәлім. Бірақ аққан жұлдыздай қысқа ғана ғұмырыңда тазалықтың символы болып, мейірбандықтың үлгісін көрсетіп, кәсіби деңгейіңнің жоғары екендігі талайларға үлгі болып қала береді. Сенің жымыған күлкің, іс-қимылың, тіпті кей-кезеңде берген ақыл-сұхбаттарың, бөліскен сырларың, анам деп айтқан сөздерің менің жүрегімде болады. Бақилық болған Ерғалиымның жаны жәннатта болғай!

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,
академик, т.ғ.д., профессор,
Шымкент қаласы**